



Мұқановпен серуен
Прогулки с Мукановым
A walk with Mukanov

ЖОЛСІЛТЕМЕ

ПУТЕВОДИТЕЛЬ

GUIDE

83.3(5K33)-8

П 78


К

ВОЗВРАТИТЕ КНИГУ НЕ ПОЗЖЕ
обозначенного здесь срока

30/12/20	6/фт.		
1.04.21.	18(6)		

Август 1990 г., облтиц. в. Зак. № 4303-Г0000


каго



Мұқановпен серуен
Прогулки с Мукановым
A walk with Mukanov



Қолдаушы: Алматы қаласы Мәдениет басқармасы
При поддержке Управления культуры г. Алматы
With the support of: Department of Culture of Almaty



*Солтүстіктің сұр тұманы арасында
Еске түсер далада от жұтқан дем.
Мұқанов Сәбитпен серуендеп бақта, нанасың ба,
«Фауст» жайлы кеңесуші ем Мұхтармен!*

Вс.Рождественский

*Но как забыть средь северных туманов
Степного солнца неизбывный жар.
Сады, где шел со мной Сабит Муканов,
О «Фаусте» беседовал Мухтар!*

Вс.Рождественский

*How to forget among the northern mists,
Of inescapable heat of sun in a Steppe
Of gardens, where Sabit Mukanov had a walk with me.
Of «Faust», Mukhtar talked to me.*

50730

V.Rozhdestvenskiy

Северо-Казахстанская
областная библиотека


им. С. МУКАНОВА

Пат. 01/0000000

Ару қала Алматының айшықты тұстарында қазақ әдебиетінің классигі, акын, драматург, жазушы, академик **Сәбит МҰҚАНОВТЫҢ** (1900–1973) өшпестей ізі қалған. Алматыда ол 1930 жылдан өмірінің соңына дейін ғұмыр кешті, жары Мәриям екеуі алты бала тәрбиелеп-өсіріп, өзінің көптеген тамаша туындыларын дүниеге әкелді. Ол «Алматының көшесі» (1948) атты өлеңінде «Шіркін, біздің Алматы керемет-ау...» деп тебіренеді. Ол өз қаласын ерекше сүйетін. «Жазудан жалыққанда Алматының жасыл көшелерінде жүрем» дейді ол... Ендеше, құрметті қала қонақтары, алматылықтар, Сіздер де ұлы жазушының рухы қалған жерлермен жүріп өтіңіздер, «Мұқановпен серуенге» шақырамыз!

Классик казахской литературы, поэт, писатель, драматург, академик **Сабит МУКАНОВ** (1900–1973 гг.) жил и творил в Алматы с 1930 года до последнего дня своей жизни. Здесь с супругой Марией они вырастили и воспитали шестерых детей, здесь увидели свет его нетленные произведения. По-особому любил поэт свой город, обрамленный белоснежными вершинами гор, с журчанием воды в тенистых аллеях и шумом больших проспектов. «Как чудесен наш Алматы...», восхищался он в стихах «Алматының көшесі» (1948). «Когда мне скучно, я иду гулять по зеленым улицам Алматы», – говорил он... Вот и мы, дорогие алматинцы и гости Алматы, приглашаем вас на «Прогулки с Мукановым», пройтись по тем местам, которые помнят великого писателя.

Sabit MUKANOV (1900–1973) – academician poet, writer and playwright of Kazakh Classical Literature. Mukanov lived and created their works in Almaty since 1930 and up until the last days of his life. He and his wife Mariyam brought up their six children here in Almaty; and here in Almaty his imperishable works have seen the light. The city with white capped mountains and sounds of waters in the shady alleys, with noisy big avenues, was dear to his heart. «How wonderful is our Almaty...» – he delighted in his poem «Almatynin koshesi» (1948) /«The street of Almaty». «When I am bored, I go for a walk along the green streets of Almaty», he said. So, we invite you, dear citizens of Almaty and our guests, to have «A Walk with Mukanov» in those places that kept memories of the great writer.



Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов // G.Musirepov, G.Mustafin, S.Mukanov

Қазақстан Жазушылар одағы (*Абылай хан даңғ., 105-үй, Толе би көш. қиылысы*). 1934 жылы құрылған. Алматыдағы Сөз Сарайы. Қаламгерлердің құтханасы. Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлинмен бірге Сәбит Мұқанов та Одақты құрушылардың қатарында болды. Ол Қазақстан Жазушылар одағының басқармасына 1936–1937 және 1943–1951 жылдары басшылық жасады, әдеби өмірге белсене араласты, айтыс-тартыстардың бел ортасында жүрді. Көптеген жас қаламгерлер оның тікелей қамқорлығын көріп өсті. Қазақ әдебиетінің өрісі кеңеюіне, қалыптасып, нығаюына аса көп еңбек сіңірді. Қазір бұл қоғамдық ұйымның 800-ге жуық мүшесі бар.

Союз писателей Казахстана (*пр. Аблай хана, д.105, угол ул. Толе би*) – это творческое объединение мастеров слова было создано в 1934 году. Сабит Муканов наряду с великими классиками казахской литературы Сакеном Сейфуллиным, Илиясом Джансугуровым, Беимбетом Майлиным был в числе организаторов Союза. В разные периоды в 1936–1937 и 1943–1951 годы он стоял во главе организации, активно участвуя и находясь в эпицентре всех событий литературной жизни. Сабит Муканов внес неоценимый вклад в развитие казахской литературы. Многие молодые литераторы обязаны своим становлением его неусыпной заботе и вниманию. Союз писателей Казахстана объединяет сейчас свыше 800 членов.

Writers' Union of Kazakhstan (*105 Ablai khan Ave., corner of Tole bi Str.*) – this creative association of artists in words was founded in 1934. Sabit Mukanov was among the founders of the Union Along with great classics of Kazakh literature like Saken Seifullin, Iliyas Zhansugurov, Beimbet Maylin.. In different time periods 1936-1937 and 1943-1951 he was the head of organization. Mukanov actively took part in all events of literary community. The writer made an invaluable contribution to the development of Kazakh literature. Many young writers owe their professional development to his vigilant care and attention. Writers' Union of Kazakhstan now constitutes of more than 800 members.




С.Мұқанов, Н.Анов, Р.Рождественский, К.Кулиев// S.Mukanov, N.Anov, R.Rozhdstvenskiy

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен (*Кұрманғазы көш., 29-үй, Д. Қонаев көш. қиылысы*) Сәбит Мұқанов тығыз қарым-қатынаста еңбек етті. Ол XVIII, XIX, XX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы туралы құнды зерттеу еңбектер жазып қалдырды. Осы Ғылым ордасындағы бай кітапхананы да пайдаланды. Батырлар жырын, айтыс өнерін зерттеді. Абай мен Шокан туралы «Жарқын жұлдыздар» атты еңбегі 1966 жылы Қазақ ССР ҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды. Сәбеннің Алматыдағы «Халық университетінде» 1973 жылы 23 ақпанда сөйлеген, магнитофон таспасына жазылған ең соңғы сөзі осы институттың мұрағатында сақтаулы. Тура екі айдан соң, жазушы өмірден озды...

С Институтом литературы и искусства им. М.О. Ауэзова (*ул. Курмангазы, д.29, угол ул. Д. Кунаева*) связывало Сабита Муканова тесное сотрудничество. Как ученый, он оставил после себя ценные труды по истории казахской литературы XVIII, XIX, XX веков, исследовал героические эпосы и творческое наследие акынов. Богатая своими фондами Центральная научная библиотека, которая находится в этом здании, была одним из часто посещаемых мест писателя. В 1966 году его книга о Абае и Шокане Валиханове «Жарқын жұлдыздар» была удостоена Премии им. Ч.Валиханова Академии наук Казахской ССР. В архиве Института литературы хранится магнитофонная запись выступления С.Муканова в «Народном университете» 23 февраля 1973 года. Спустя два месяца в апреле этого года он ушел из жизни...

Auevov Institute of Literature and Art (*29 Kurmangazy Str., corner of Kunayev Str.*) was in a close cooperation with Sabit Mukanov. As a scientist, Mukanov left his valuable works on the history of Kazakh literature of XVIII, XIX, XX centuries. Mukanov explored the heroic epics and cultural heritage of akyns (poet and singer improvisers). Central Scientific Librar has a rich collection of materials and located in the same building with Institute., – it was quite often visited by the writer. His book about Abay and Shokan Ualikhanov «Zharkyn Zhuldyzdar» («Bright Stars») was awarded Ualikhanov Prize of Kazakh SSR Academy of Science. Audio-record of Mukanov's speech in «Narodniy Universitet» («Peoples' University») from 23rd of February, 1973 is kept in the archive of Literature Institute. Two month later, in the April of 1973 the writer passed away.



И.Шухов, С.Мұқанов, М.Шолохов // I.Shukhov, S.Mukanov, M.Sholokhov

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында (*Абай даңғ., 14-үй, Абылай хан даңғ. қиылысы, 1931 жылы ашылған*) жазушының әр жылдарда шыққан кітаптарының көптеген нұсқалары жинақталған. Бұл туындылары (романдар, повестер, әңгімелер, пьесалар, сценарийлер, өлеңдер, оқулықтар, зерттеулер, таңдамалы шығармалары, т.б.) әр күн сайын оқырмандардың игілігіне жаратылуда. Ұлттық кітапхана жазушының 100 жылдық мерейтойы қарсаңында «Библиографиялық көрсеткіш» (2000) шығарды.

В Национальной библиотеке Республики Казахстан (*пр. Абая, д.14, угол пр. Абылай хана, создана в 1931 году*) собраны многочисленные экземпляры книг Сабита Муканова изданные в разные годы. Его произведения (романы, повести, рассказы, пьесы, сценарии, стихи, учебники, исследования, избранные сочинения и др.) в любое время могут быть востребованы читателями. Накануне празднования 100-летнего юбилея писателя Национальная библиотека издала «Библиографический указатель» произведений С.Муканова (2000 г.).

National Library of the Republic of Kazakhstan (*14 Abay Ave., corner of Ablai khan Ave., founded in 1931*) contains numerous copies of Sabit Mukanov's books published in different years. His works (novels, novellas, short stories, plays, screenplays, poems, books, research, selected works, and etc.) are available to the visitors at any time. Before 100 years anniversary of the writer, in 2000, National library had published «Bibliographic index» of Mukanov's works.



Ж.Жабаев, С.Муқанов, М.Ғабдуллин // Zh.Zhabayev, S.Mukanov, M.Gabdullin

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (*Абай даңғ., 39-үй, Панфилов көш. қиылысы. 1921 жылы Орынборда ашылған, 1929 жылы Алматыға көшірілген*). Мұнда Сәбит Мұқановтың № 1634 жеке қоры бар. Ол өзінің жеке мұрағатынан көптеген құнды қолжазбаларды, мәселен, Шәкәрім Құдайбердіұлының өз қолымен жазған хатын (1931 ж.) тапсырған. Бұл – өте құнды жәдігерлік. Қаламгердің осы мұрағатта көптеген хаттары мен хаттасулары сақтаулы. Мұндай эпистолярлық қазына қазақстандық жазушылардың ешбірінде болған емес. Ізденушілердің бұл әдеби мұрамен танысуға мол мүмкіндіктері бар.

Центральный государственный архив Республики Казахстан (*пр. Абая, д.39, угол ул. Панфилова*) был образован в 1921 году в Оренбурге, в 1929 г. переведен в Алматы. Здесь за №1634 находится личный фонд Сабита Муканова, в котором хранятся ценные рукописи из личного архива писателя. К примеру письмо Шакарима Кудайбергенова (1931 г.), единственный сохранившейся документ с почерком поэта. В архив передана переписка Муканова, такого богатого эпистолярного наследия нет ни у одного из казахских писателей. Одним словом, есть над чем потрудиться исследователям творчества С.Муканова и казахской литературы в целом.

Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (*39 Abay Ave., corner of Panfilov Str.*) was founded in 1921 in Orenburg; in 1929 it was moved to Almaty. Personal fund of Sabit Mukanov is filed here under the archive №1634. It contains valuable handwritings of the writer from his personal archive. For example, the letter of Shakarim Kudaibergenov (1931) is the only extant document with a poet's handwriting. Archive keeps Mukanov's correspondence consisting many volumes. None of Kazakh writers has such a rich epistolary heritage. There are big opportunities for for scholars and researchers of Mukanov's oeuvre, and Kazakh literature in general.



Кітап жәрмеңкесінде // На книжной ярмарке // On a book fair

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің (Достық даңғ., 13-үй, Қазыбек би көш. қиылысы, 1928 жылы құрылған) – Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орнының қалыптасуына Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Санжар Аспандияров, Мұхтар Әуезов, Құдайберген Жұбанов, С. Мұқанов сияқты көрнекті қоғам және мәдениет қайраткерлері үлкен үлес қосқан. Ол 1938 жылы осы жоғары оқу орнында студенттерге дәріс берген. Әдебиет тарихына қатысты оқулықтар жазған, ауызекі әңгімеге өте шебер, әңгімешіл Сәбеннің лекциясы өте тартымды өтетін болған. Оның университетте қол қойып, айлық жалақысын алған тізім парақшасы музейде сақтаулы.

В становлении Казахского национального педагогического университета им. Абая (пр. Достык, д.13, угол ул. Казыбек би, создан в 1928 году) – первого в Казахстане высшего учебного заведения, наряду с такими известными общественными и культурными деятелями, как Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Санжар Аспандияров, Мухтар Ауэзов, Кудайберген Жубанов большое участие принимал и Сабит Муканов. Автор учебников по истории Казахской литературы, в 1938 году он преподавал в этом учебном заведении. Искусный рассказчик, прекрасно владеющий устной речью, он вызывал неугасаемый интерес к своему предмету. В мемориальном музее хранится зарплатная ведомость института, в которой есть личная подпись писателя.

Sabit Mukanov, along with well-known public and cultural figures like Akhmet Baitursynov, Saken Seifullin, Sanzhar Aspandiyarov, Mukhtar Auezov, Kudaibergeren Zhubanov – played a key role in the formation of the **Kazakh National Pedagogical University named after Abay** (13 Dostyk Ave., corner of Kazybek bi, founded in 1928). It's the first institute in Kazakhstan to provide higher education. Being an author of the textbooks on the history of Kazakh literature, he taught at this university in 1938. Skillful storyteller, perfectly mastering the art of speech, he made people have an unquenchable interest in his subject. The memorial museum has a payroll of an Institute with a personal signature of the writer.



Қ.Шаңғытбаев, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов // K.Shangitbayev, S.Mukanov, G.Musrepov

«Жазушы» баспасы (*Абай даңғ., 143-үй, Гагарин көш. қиылысы*) – «Қазақ көркемәдебиет» баспасы болып 1933 жылы құрылған. Баспаның алғашқы өнімі Абайдың өлеңдер жинағы еді. Негізінен, Қазақстан жазушыларының шығармаларын және аударма кітаптарды басып шығаруға маманданған баспа. Қаламгердің көптеген туындылары, таңдамалы жинақтары, көптомдық шығармалары (16 томдық, 1972–1980 жж.) осы баспадан шыққан және әлі де қайта басылып шығуда.

Издательство «Жазушы» (*пр. Абая, д.143, угол пр. Гагарина*) создавалось в 1933 году как издательство «Казахской художественной литературы», первым изданием которого был сборник стихотворений Абая. Изначально издательство специализировалось на выпуске произведений казахстанских писателей и переводной литературы. Многочисленные произведения Сабита Муканова, сборники избранных произведений, полное собрание сочинений (16 томов, 1972–1980 гг.) увидели свет в этом издательстве и надеемся, еще не раз будут переиздаваться.

In 1933, «Zhazushy» Publishing House (*143 Abay Ave., corner of Gagarin Ave*) was created as publishing house for «Kazakh fiction». Its first publication was a collection of Abay's poems. Originally, Zhazushy specialized in publishing of Kazakh writers' works and translated literature. Sabit Mukanov's numerous works as well as collections of Selected Works, complete set of works (16 volumes, 1972-1980) have seen the light in this publishing house.



С.Мұқанов. // S.Mukanov (1950)




С.Мұқанов. // S.Mukanov (1969)

«Қазақ энциклопедиясы» (8 ықшам аудан, 19-үй). Баспа 1968 жылы Қазақ ССР ҒА-ның құрамындағы ғылыми-зерттеу институты құқығында құрылған. 12 том (1972–1978 жж.), 10 том (1998–2005 жж.) қазақ тіліндегі, 5 том (2004–2006 жж.) орыс тіліндегі «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясын және басқа да әмбебап энциклопедиялық жинақтар шығарған. Сәбит Мұқанов баспаның құрылуына атсалысқан ғалымдардың, Бас редакция мүшелерінің бірі. Тұңғыш энциклопедияның 1-томына Абай туралы мақаланы С.Мұқанов жазған.

Издательство «Казакская энциклопедия» (8 м-н, д.19) было создана в 1968 году в составе Академии наук Казахской ССР на правах научно-исследовательского института. Издательство подготовило и издало 12 томов Казахской советской энциклопедии (1972–1978 гг.), 10 томов Национальной энциклопедии «Казахстан» (1998–2005 гг.) на казахском языке и 5 томов Национальной энциклопедии «Казахстан» на русском языке (2004–2006 гг.). Кроме того в разное время были изданы различные универсальные энциклопедии и энциклопедические словари. Сабит Муканов будучи одним из тех, кто принял участие в создании издательства, был членом главной редакции «Казахской энциклопедии». Он автор статьи об Абае 1-го тома первого издания энциклопедии.

«Kazakh Encyclopedia» Publishing House (microregion №8, building 19) was created in 1968 as part of the Academy of Science of the Kazakh SSR as a research institute. Publishing house prepared and published 12 volumes of the Kazakh Soviet Encyclopedia (1972–1978), 10 volumes of «Kazakhstan» National Encyclopedia (1998–2005.) in Kazakh language, and 5 volumes of National Encyclopedia «Kazakhstan» in Russian (2004–2006.). Universal encyclopedias and encyclopedic dictionaries were published there at different times. Sabit Mukanov was among people who took part in the creation of the publishing house. He also was a member of editorial board of «Kazakh encyclopedia». The article about Abay – 1st volume of the first edition of encyclopedia – belongs to Mukanov.

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА




Қолтаңба бересіз бе? // Можно ваш автограф? // Can we have your autograph?


Ш. Уәлиханов атындағы № 12 көп салалы гимназиядан (Ш. Уәлиханов, 79 үй. Бөгенбай батыр кош. қиылысы) есімдері елімізге әйгілі көптеген ғалымдар, өнер санлақтары, қоғам және мемлекет қайраткерлері өсіп шықты. Мектеп оқушылары Дина Нұрпейісова-нын, Жаппас Қаламбаевтың, Манарбек Ержановтың, Жүсіпбек Елебековтің ән, күй өнерімен сусындады. Күләш Байсейітова, Шара Жиенқұлова, Сәбит Мұқанов, Ахмет Жұбанов, Құрманбек Жандарбеков, Серәлі Қожамқұлов әртүрлі үйірмелерге ұстаздық жасап, жетекшілік еткен. Әбілхан Қастеев, Сыдық Мұхаметжанов, Нұрғиса Тілендиев, Әсет Бейсеуов, Мансұр Сағатов т.б. түлектерін мектеп мақтан тұтады. Сәбән бұл мектепте көптеген әдеби кештерге, кездесулерге қатысқан.

Из стен гимназии № 12 им. Ч.Валиханова (ул. Ч.Валиханова, д. 79, угол ул. Бөгенбай батыра) вышли известные ученые, артисты, художники, государственные и общественные деятели. Учащиеся школы наслаждались исполнительским искусством Дины Нурпейсовой, Жаппаса Каламбаева, Манарбека Ержанова, Жусипбека Елебекова. Куляш Байсеитова, Шара Жиенкулова, Сабит Муканов, Ахмет Жубанов, Курманбек Жандарбеков, Серали Кожамкулов были наставниками и руководителями различных творческих кружков. Гимназия гордится своими выпускниками: Абиьлханом Кастеевым, Садыком Мухамеджановым, Нургисой Тлендиевым, Асетом Бейсеуовым, Мансуром Сагатовым и многими другими. Сабит Муканов был также участником творческих встреч и вечеров проводимых в школе.

Famous scientists, artists, politicians and public figures have graduated from **school №12 named after Shokan Valikhanov** (79 Valikhanov Str., corner of Bogenbay batyr Str.). Students enjoyed performing arts of Dina Nurpeisova, Zhappas Kalambayev, Manarbek Yerzhanov and Zhusipbek Elebekov. Kulyash Baiseitova, Shara Zhienkulova, Sabit Mukanov, Ahmet Zhubanov, Kurmanbek Zhandarbekov, Serali Kozhamkulov were mentors and leaders of various creative groups. The school is proud of its graduates: Abilkhan Kasteyev, Sadyk Mukhamedzhanov, Nurgisa Tlendiyev, Asset Beyseuov, Mansur Sagatov and many others. Sabit Mukanov participated in creative meetings and evening events organized by the school.



Немерелерімен. // С внуками. // With grandchildren



Ж.Бектұров, П.Катченко, С.Мұқанов, С.Кұдаш // Zh.Bekturov, P.Katchenko, S.Mukanov, S.Kudash

Орталық мәдениет және демалыс саябағы (*Гоголь көшесі, 1*). Медеу ауданының аумағында 100 гектардан аса жерді алып жатыр. Саябақтың дамуы қаланың өткен және бүгінгі даму тарихымен тығыз сабақтас. 1919 жылы мұнда Жамбыл, Есдәулет, Үмбетәлі қатысқан Жетісу ақындарының тұңғыш айтысы өткен. Саябақ ауданында 200-ден аса өсімдік түрлері өсіріледі, аквапарк, **хайуанаттар бағы**, аттракциондар, павильондар, жазғы кинотеатр бар. Демалыс күндері Сәбең сүйікті немерелерін ертіп келіп, осы хайуанаттар бағын аралатып, қызықтаған, фото суретке түскен. Суреттен мейірімді, қамқор, балажан атаның бейнесін көреміз. Ол ертегі кейіпкерлері: аю, қасқыр, түлкі, т.б. туралы майын тамыза әңгімелеген кезде, өзге демалушылар да ұйып тындаған.

Центральный парк культуры и отдыха (*ул. Гоголя, 1*). расположен в Медеуском районе на территории свыше 100 га. История развития парка неразрывно связана с прошлым и настоящим города. В 1919 году здесь проходил первый айтыс акынов с участием Жамбыла, Есдаулета, Умбетали. В парке представлены более 200 видов растений, работает аквапарк, зоопарк, различные аттракционы, павильоны, летний кинотеатр. В выходные дни Сабит Муканович приводил в **зоопарк** своих любимых внуков. На фотографиях, сделанных во время этих прогулок, мы видим заботливого и любящего дедушку. Когда он увлеченно рассказывал внукам о сказочных персонажах: волке, медведе, лисе и других животных, вокруг него с интересом собирались люди.

Central Park of Culture and Leisure (*1 Gogol Str.*) is located in Medeu district, occupies the area of more than 100 hectares. The history of the park development is indissolubly tied with the past and present of the Almaty city. The first contest of akyns (poet and singer improvisers) with the participation of Zhambyl, Esdaulet and Umbetali was held here in 1919. There are more than 200 species of plants exposed in the park; besides, there is an Aquapark, a Zoo, a variety of attractions, pavilions, and open-air cinema. On weekends, Mukanov used to bring his beloved grandchildren to the **Zoo**. In the photos of these walks we see caring and loving grandfather. When he enthusiastically was telling stories to his grandchildren about the fairy tale characters: wolf, bear, fox and other animals - people always gathered around him with an interest.




*Ат үстінде
На коне
On horseback*

Қазақстан Композиторлар одағы (*М.Төлебаев көш., 117-үй, Бөгенбай батыр көш. қиылысы*). Жазушы Қазақстан Композиторлар одағымен тығыз шығармашылық қарым-қатынаста болды. Қазақстанның халық әртісі, музыкатанушы-этнограф Александр Затаевич Сәбит Мұқановтың айтуымен қазақтың 11 халық әнін жазып алып, нотаға түсірген. Композитор Латиф Хамиди музыкасын жазған С.Мұқановтың «Қазақ вальсі» – әлемді шарлап кеткен ән. Оның тұңғыш орындаушысы – КСРО Халық әртісі, қазақ бұлбұлы Күләш Байсейітова еді.

Союз композиторов Казахстана (*ул. М.Төлебаева, д. 117, угол ул. Бөгенбай батыра*) всегда был в тесном творческом сотрудничестве с Союзом писателей Казахстана. Музыкант-этнограф, композитор, народный артист Казахстана, собиратель казахских песен Александр Затаевич записал и переложил на ноты с уст Сабита Муканова 11 казахских народных песен. «Казахский вальс» композитора Латифа Хамиди написанный на слова С.Муканова облетел весь свет. Первой исполнительницей этой песни стала Народная артистка СССР, казахский «соловей» – Куляш Байсеитова.

Composers' Union of Kazakhstan (*117 Tolebayev Str., corner of Bogenbay batyr Str.*) has always been in a close collaboration with the Writers' Union of Kazakhstan. Musician and ethnographer, composer, People's Artist of Kazakhstan, collector of Kazakh songs Aleksandr Zataevich recorded and transcribed for notes 11 Kazakh folk songs overheard from Sabit Mukanov. «Kazakh waltz» by composer Latif Hamidi and with S.Mukanov's lyrics spreaded throughout the world. People's Artist of the USSR, the Kazakh «Nightingale» – Kulyash Baiseitova became the first performer of the song.



С. Мұқанов, Ә.Тәжіібәев (1970)// S.Mukanov, A.Tazhibayev (1970)

Қонаев көшесі мен Қарасай батыр көшесінің қиылысындағы алып бәйтерек. 1930 жылдары бұл бәйтерек Сәкен Сейфуллиннің үйінің ауласында өсіп тұрған. Жаздыгүні бәйтерек діңіне қолжуғыш ілінген. Алаш арыстары Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, т.б. осы үйге келгенде, сол қолжуғыштан қолдарын жуған. Бұл туралы С.Мұқановтың жары Мәриям Мұқанованың, ақын Қалижан Бекхожиннің, профессор Тұрсынбек Кәкішевтің естеліктерінде айтылған.

Тополь на углу улиц Кунаева и Карасай батыра. В 1930 годах этот тополь рос во дворе дома Сакена Сейфуллина. В летние дни на дереве висел умывальник. Перед входом в дом здесь мыли руки великие писатели Магжан Жумабаев, Ильяс Жансугуров, Беимбет Майлин, Сабит Муканов и др. Об этом мы знаем из воспоминаний жены Сабита Муканова Мариам Мукановой, поэта Калижана Бекхожина и профессора Турсынбека Какишева.

Poplar on the corner of Kunayev and Karasay batyr streets. In 1930-es this poplar used to grow in the yard of Saken Seifullin's house. In the summer time the washbasin hunged on that tree. Great writers Magzhan Zhumabayev, Ilyas Zhansugurov, Beimbet Mailin, Sabit Mukanov and others used to wash their hands here before entering the house. Several people – the wife of Sabit Mukanov – Mariyam Mukanova, poet Kalizhan Bekkhozhin and professor Tursynbek Kaki-shev mention this fact in their memoirs.




С.Мұқанов, С.Бегалин, Қ.Бекхожин (1969) // S.Mukanov, S.Begalin, K.Bekkhozhin (1969)

«Астана» алаңының жанындағы шағын бақтағы орындықта (*Төле би мен Абылай хан көш. қиылысы*) Сәбит Мұқанов ақындармен, жазушылармен, оқырмандарымен жиі әңгімелесіп отыратын. Бірде Жазушылар одағына келе жатып, осы орындықта отырғанында, жанына бір топ жас жазушылар жақындапты. Сәбең оларға өзі орнынан тұрып, амандасады. Сонда олардың біреуі: «Сәбе, біз өзіміз-ақ сәлем беретін едік кой» – деп қысыла сөйлейді. Сонда Сәбең: «Антұрғандар, сендер амандаспай өте шыға ма деп қорқып кеттім!» – деген екен. Шежірешіл, кезінде «тірі энциклопедия» атанған Сәбеңнің аузынан әңгіме естуге талайлар құмар болған.

На скамейке в сквере рядом с площадью «Астана» (*угол ул. Төле би и пр. Абылай хана*) Сабит Муканов часто встречался и беседовал с поэтами, писателями и своими читателями. Однажды, когда возвращаясь из Союза писателей, он сел отдохнуть здесь, к нему приблизилась группа молодых писателей. Сабит Муканович увидев их, встал и первым поздоровался. Один из молодых со смущением сказал: «Сәбе, мы могли бы сами первыми поздороваться с Вами». На что Сабит ответил: «Я испугался, что вы промчитесь мимо меня как проклятые, не поздоровавшись!». Отменный знаток древностей, в свое время он был прозван «живой энциклопедией». Многие мечтали послушать истории из его уст.

On a bench in a park near the square «Astana» (*corner of Tole bi Str. and Abylay khan Ave.*) Sabit Mukanov often met and talked with poets, writers and readers. Once, returning from the Writers' Union, he sat down to rest here. He was approached by a group of young writers. Seeing them, he stood up and greeted them first. One of the young men said with an embarrassment: «Sabe, we could have greeted You first». And Sabit replied: «I was afraid that you will rush past me like crazy, without greeting!» Excellent expert of antiquities, in his time, he was nicknamed «living encyclopedia». Many people dreamed of hearing his stories.



С. Мұқанов. // S. Mukanov



Медей // Medeo (1970)

Мұқановтың ескерткіш-бюсті (*С.Мұқанов көш. мен Төле би көш. қиылысы*), жазушының ЮНЕСКО деңгейінде аталып өткен 100 жылдық мерейтойына орай, 2000 жылы, Мұқанов пен Төле би көшелерінің қиылысындағы шағын бақта орнатылған. Мүсінші – Николай Соболев, сәулетші – Токтығазы Жанысбеков. Бюст қоладан, тұғыры қызыл граниттен жасалған. Жазушы бейнесі қатаң академиялық стильді сақтап орындалған. Композиция шебінде бет әлпетінің дәлдігі, ойға шомған дана адамның және күрескер қайраткердің мінезі бар. Монументалдық өнер туындысы. Оқушылар, студенттер, қала тұрғындары, қонақтар әртүрлі мәдени іс-шаралар кезінде осы жерге жиі жиналады. Қаламгерді құрметтейтін, рухын сыйлайтын жандар ескерткішке тағзым жасап, гүл шоқтарын қояды.

Памятник Сабиту Муканову (*угол ул. С.Муканова и ул. Төле би*) установлен в этом сквере в честь 100-летнего юбилея писателя, которое отмечалось под эгидой ЮНЕСКО в 2000 году. Скульптор – Николай Соболев, архитектор – Токтығазы Жанысбеков. Бюст отлит из бронзы, постамент высечен из красного гранита. Произведение монументального искусства выполнено в канонах строгого академического стиля. В реально переданных чертах лица выражение погруженного в раздумья мудрого человека с характером борца. Во время проведения различных культурных мероприятий у памятника собираются ученики, студенты, жители и гости города. Почитатели творчества писателя возлагают к памятнику букеты живых цветов.

Sabit Mukanov Monument (*at the corner of Mukanov and Tole bi streets*) is situated in the park in honor of the 100th anniversary of the writer. The event was celebrated under the auspices of UNESCO in 2000. The sculptor of the monument is Nikolay Sobolev, the architect – Toktygazy Zhanysbekov. The bust is cast in bronze; pedestal is carved of red granite. Work of monumental art is performed in the canons of rigorous academic style. The image of a wise man with a character of a fighter is transmitted through the monument. On holidays, this place is visited by different people: students, children, guests of our city and others. Admirers of writer's talent bring fresh flowers here.



Жұмыс үстінде // За работой // At work

«Тұшпарахана», (*Шевченко көшесі, 75 үй, Наурызбай батыр көш. қиылысы*) – қазір «Дастархан» мейрамханасы орналасқан. Бұл жердегі тұшпараханаға кейде Сәбит Мұқанов келіп, дәмді тұшпара жегенді ұнатқан. Жары Мәриям: «Сондай тұшпара үйде де бар ғой, несіне бара бересің?» – десе, Сәбен: «Ол жерде тұшпараны ерекше дайындайды. Сенбесең, өзің де жүр, дәмін тат» – дейтін көрінеді. «Жадыда сақталар ең жағымды нәрсе – дәм мен иіс» деген екен біреу. «Дастархан» мейрамханасының ас мәзірінде «Мұқановтың сүйікті тұшпарасы» атты тағам бар. Келіңіздер, дәм татыңыздар!

«Пельменная» (*ул. Шевченко, д.75, угол ул. Наурызбай батыра*) – теперь здесь ресторан «Дастархан». В эту пельменную иногда наведывался Сабит Муканов, ему нравились вкусные пельмени этого заведения. «Такие пельмени можно покушать и дома, зачем ты ходишь туда?» – возмущалась супруга Мариям. На что он непременно отвечал: «Там готовят особенные пельмени. Не веришь, пойдем со мной, попробуешь». Кто-то сказал, что вкусы и запахи больше всего пробуждают воспоминания. В меню ресторана «Дастархан» есть «Любимые пельмени Муканова». Попробуем?

«Pelmennaya» (dumpling serving place) (*75 Shevchenko Str., corner of Naurizbay batyr Str.*) – now is «Dastarkhan» restaurant. Sabit Mukanov used to visit this place quite often. He liked the dumplings here. His wife commented on that: «You can eat this kind of dumplings at home, why do you go there?» To what he would reply, «There are special dumplings over there. If you don't believe me, come and try». Someone said that our senses of smell and taste bear a unique burden of memory. The restaurant menu has a «Mukanov's favorite dumplings». Shall we try them?



Мәриям Мұқанова -100 жаста // Мариям Муқановой – 100 лет // Mariyam Mukanova – 100 years old

С. МҰҚАНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

- 1900, 26 сәуір** – бұрынғы Ақмола губерниясы, Петропавл уезінің Таузар болысында (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданының Сәбит ауылында) дүниеге келген.
- 1906** – әкесі Мұқан қайтыс болды.
- 1907** – анасы Балсары қайтыс болды.
- 1913** – ауыл молдасынан сауатын ашады.
- 1918** – Омбыда Мұғалімдер даярлайтын курста оқыды.
- 1919** – ауыл мұғалімі.
- 1920-21** – Петропавлда тұтынушылар одағының нұсқаушысы және пед.курс тыңдаушысы.
- 1921-22** – Көкшетау болысы Төтенше комиссиясының мүшесі.
- 1922-23** – Петропавл РКП(б) губерниялық комитетінің нұсқаушысы.
- 1922-26** – Орынбордағы жұмысшы факультетінің студенті.
- 1923-25** – «Еңбекші қазақ» газетінің қызметкері.
- 1923-25** – Қазақстан Орталық Атқару комитетінің мүшесі.
- 1926** – Петропавлда «Бостандық туы» газетінің жауапты хатшысы.
- 1927** – Қазақтың пролетариат-қара шаруа жазушылары ассоциациясының (КазАПП) жауапты хатшысы және «Еңбекші қазақ» газеті партия бөлімінің меңгерушісі.
- 1927** – «Өлеңдер жинағы», «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы» және «Октябрь өткелдері» поэмаларының кітап болып жариялануы.
- 1927** – «Ақындар шашуы» жинағын құрастырушы.
- 1927-1928** – Қазақстан мемлекеттік баспасының бас редакторы.
- 1928** – «Жаңа әдебиет» журналын ұйымдастырушы.
- 1928** – «Сұлушаш» романы кітап болып шықты.
- 1928-29** – Ленинград университетінің студенті.
- 1929-30** – Петропавлда «Кеңес ауылы» газетінің жауапты редакторы.
- 1930** – «Әдебиет майданы» журналының редакторы.
- 1930-31** – Мәскеу Академик Марр атындағы Тіл білімі институтының аспиранты.
- 1931-36** – Мәскеу Қызыл профессорлар институтында оқыды.
- 1931** – «Адасқандар» романы жарыққа шықты.
- 1932** – «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты зерттеуі жарияланды.
- 1934-54** – КСРО Жазушылар одағының басқарма мүшесі.
- 1935** – Мәскеуде «Сын бая» романы шықты.
- 1936** – Мәскеуде өткен онкүндіктің ресми мүшесі.
- 1936-37** – Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы.

1937, қазан – партия қатарынан шығарылып, қызметінен босауы.
1938-39 – ҚазПИ-де, Семей оқытушылар институтында оқытушы.
1938 – «Жұмбақ жалау» (кейін «Ботагөз») романы шықты.
1941 – «Менің мектебім» романының 1-кітабы шықты.
1942–«Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиеті тарихынан очерктер» шықты.
1943-51 – Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы.
1947-59 – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі.
1947-54 – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты.
1948 – «Сырдария», «Ботагөз» романдарының шығуы.
1950 – «Менің мектебімнің» жариялануы.
1950 – «Енбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды (екінші рет – 1957).
1951-1973 – еркін шығармашылықпен айналысуы.
1953 – «Өмір мектебінің» 2-кітабының шығуы.
1953-58 – Таңдамалы 6 томдығының 1, 2-томдарының жариялануы.
1953 – «Жаңа өмір» баспасынан «Ботакөздің» араб әрпімен шығуы.
1954 – Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі (академик).
1956 – «Шоқан Уәлиханов» пьесасы сахналанды (1956 – Алматы, 1987 – Мәскеу).
1957 – «Шоқан Уәлиханов» фильмі қойылды.
1959 – «Алыптың адымдары» кітабы шықты.
1959, 1960, 1961 – «Мөлдір махаббат» романы қайталанып шықты.
1960 – «Ленин» орденімен марапатталды (екінші рет -1970).
1960 – «Өсу жолдарымыз» жинағы жарық көрді.
1960 –Азия құрылығындағы елдерге кемемен круиздік саяхат.
1961 –Канада, Италия, Батыс Европа елдеріне «Михаил Калинин» кемесімен круиздік саяхат.
1962–АҚШ-та (Чикаго) шығатын «Кто есть кто» энциклопедиясына есімі енгізілді.
1964 – «Есею жылдары» – «Өмір мектебінің» 3-кітабы шықты.
1964 – «Жарқын жұлдыздар» монографиясы жарияланды.
1964 – «Алтын аймақ» атты әңгімелер жинағы шықты.
1966 – Қазақ КСР ҒА-ның Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығын алды.
1967 – «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.
1967 – Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықпен марапатталды.
1967 – «Аққан жұлдыз» романының 1-кітабы шықты.
1970 – «Аққан жұлдыз» романының 2-кітабы жарияланды.
1970 – «Петропавл қаласының құрметті азаматы» құрметті атағы берілді.
1972–1980 – Таңдамалы шығармаларының 16 томдығы шықты.
1973, 18 сәуір – Алматыдағы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің ауруханасында жазушы дүниеден озды.

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ТВОРЧЕСТВА С. МУКАНОВА

- 1900, 26 апреля** – родился в бывшей Акмолинской губернии, Таузарской волости, Петропавловского уезда (ныне Северо-Казахстанская область, Жамбылский район, аул Сабит).
- 1906** – умер отец Мукан.
- 1907** – ушла из жизни мать Балсары.
- 1913** – учился у аульного муллы.
- 1918** – учился на подготовительных курсах учителей в Омске.
- 1919** – сельский учитель.
- 1920-21** – инструктор Казпотребсоюза и слушатель педагогических курсов в Петропавловске.
- 1921-22** – член Чрезвычайной комиссии Кокчетавской волости.
- 1922-23** – инструктор губкома РКП(б) в Петропавловске.
- 1922-26** – студент рабочего факультета в Оренбурге.
- 1923-25** – сотрудник газеты «Еңбекші казак».
- 1923-25** – член Центрального исполнительного комитета Казахстана.
- 1926** – ответственный секретарь газеты «Бостандык туы» в Петропавловске.
- 1927** – ответственный секретарь Казахской ассоциации пролетарских писателей и заведующий отделом газеты «Еңбекші казак».
- 1927** – изданы «Өлеңдер жинағы», «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы» и «Октябрь өткелдері».
- 1927** – составитель сборника «Ақындар шашуы».
- 1927-1928** – главный редактор государственного издательства «Қазақстан».
- 1928** – организатор журнала «Жаңа әдебиет».
- 1928** – вышел в свет роман «Сұлушаш».
- 1928-29** – студент Ленинградского университета.
- 1929-30** – ответственный секретарь газеты «Кеңес ауылы» в Петропавловске.
- 1930** – редактор журнала «Әдебиет майданы».
- 1930-31** – Москва. Аспирант Института языкознания им. академика Марра.
- 1931-36** – Москва. Учился в институте Красной профессуры.
- 1931** – вышел в свет роман «Адасқандар».
- 1932** – издано исследование «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті».
- 1934-54** – Член Правления Союза писателей СССР.
- 1935** – в Москве вышел в свет роман «Сын бая».
- 1936** – официальный член декады Казахстана в Москве.
- 1936-37** – Председатель Правления Союза писателей Казахстана.

1937, октябрь – изгнан из рядов партии, освобожден от работы.
1938-39 – преподаватель Казахского педагогического института, Семипалатинского педагогического института.
1938 – вышел в свет роман «Жұмбақ жалау» (позднее «Ботагөз»).
1941 – вышла в свет 1-книга романа «Менің мектебім».
1942 – издана книга «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиеті тарихынан очерктер».
1943-51 – Председатель Правления Союза писателей Казахстана.
1947-59 – Член Центрального Комитета Компартии Казахстана.
1947-54 – Депутат Верховного Совета Казахской Советской Социалистической Республики.
1948 – изданы романы «Сырдария» и «Ботагөз».
1950 – опубликована книга «Менің мектебім».
1950 – награжден орденом «Еңбек Қызыл Ту» (второй раз – 1957).
1951–1973 – свободная творческая деятельность.
1953 – вышла в свет 2-книга «Өмір мектебі».
1953-58 – вышли в свет 1-2 томы 6-томного собрания сочинений.
1953 – роман «Ботагөз» напечатанная арабским шрифтом. Издательство «Жаңа өмір».
1954 – Действительный член АН КазССР (академик).
1956 – постановка пьесы «Шоқан Уәлиханов» (1956 – Алматы, 1987 – Москва).
1957 – экранизация фильма «Шоқан Уәлиханов».
1959 – вышла в свет книга «Алыптың адымдары».
1959, 1960, 1961 – переиздан роман «Мөлдір махаббат».
1960 – награжден орденом «Ленина» (второй раз -1970).
1960 – вышла в свет книга «Өсу жолдарымыз».
1960 – путешествие по Азии.
1961 – круиз на корабле «Михаил Калинин» в Канаду, Италию, по странам Западной Европы
1962 – имя писателя включено в энциклопедию «Кто есть кто». США (Чикаго).
1964 – увидела свет «Есею жылдары» – 3-книга «Өмір мектебі».
1964 – опубликована монография «Жарқын жұлдыздар».
1964 – вышел в свет сборник рассказов «Алтын аймақ».
1966 – Лауреат премии им. Ч.Валиханова АК КазССР.
1967 – награжден орденом «Құрмет белгісі».
1967 – Лауреат Государственной премии им. Абая.
1967 – выходит в свет 1-книга «Аққан жұлдыз».
1970 – выходит в свет 2-книга «Аққан жұлдыз».
1970 – удостоен звания «Почетный гражданин г.Петропавловска».
1972–1980 – издано 19-томное собрание сочинений писателя.
1973, 18 апреля – писатель ушел из жизни в больнице Совета Министров. КазССР в Алматы.

KEY DATES OF LIFE AND CREATIVE WORK OF S. MUKANOV

1900, April 26 - was born in the former Akmola Province, Tauzarskaya volost, Petropavlovskiy uезд (now North Kazakhstan, Zhambyl district, Sabit village).

1906 - his father Mukan died.

1907 - his mother Bulsara died.

1913 - studied at the village mullah.

1918 - studied at the teachers' training course in Omsk.

1919 - a village teacher.

1920-21 - instructor at Kazpotrebsoyuz; and student of pedagogical class in Petropavlovsk.

1921-22 - Member of the Extraordinary Commission of the Kokchetav district.

1922-23 - Instructor at Provincial Committee of the RCP (b) in Petropavlovsk.

1922-26 - student of the Work Faculty in Orenburg.

1923-25 - an employee of the newspaper «Kazakh Enbekshi.»

1923-25 - Member of the Central Executive Committee of Kazakhstan.

1926 - Executive Secretary of the newspaper «Bostandyk Tui» in Petropavlovsk.

1927 - Executive Secretary of the Kazakh Association of Proletarian Writers and head of the department of the «Kazakh Enbekshi» newspaper.

1927 - «Olender zhinagy», «Keshegi zhalshy men bygingi zhalshy» and «Oktyabr otkelderi» were published

1927 - the compiler of «Aryndar Shashu.»

1927-1928 - editor in chief of the state publishing house «Kazakhstan».

1928 - creator of the «Zhana adebiet» magazine.

1928 - «Sylushash» novel was published

1928-29 - student of Leningrad University.

1929-30 - Executive Secretary of the «Kenes auli» newspaper in Petropavlovsk.

1930 - editor of «Adebiet Maidani».

1930-31 - Moscow. Graduate student of the Institute of Linguistics of academician Marr.

1931-36 - Moscow. He studied at the Institute of Red Professors.

1931 - «Adaskandar» novel was published

1932 - «XX gasyrdagy Kazakh adebieti» treatise was published

1934-54 - Member of the Board of the Union of Soviet Writers.

1935 - «The Son of Bai» novel was published in Moscow

1936 - Official member of 10 days of culture of Kazakhstan in Moscow.

1936-37 - Chairman of the Board of the Union of Writers of Kazakhstan.

1937 October - expelled from the party, dismissed from work.

1938-39 - teacher at Kazakh Pedagogical Institute; at Semipalatinsk Pedagogical Institute.

1938 - «Zhumbak zhalau» (later «Botagoz») novel was published.
1941 - the 1st book of the novel «Menin mektebim» was published
1942- «XVIII-XIX Kazaktyn gasyrdagy adebieti tarihyndan ocherkter» book was published
1943-51 - Chairman of the Board of the Union of Writers of Kazakhstan.
1947-59 - Member of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan.
1947-54 - Member of the Supreme Council of the Kazakh SSR.
1948 - «Syrdarya» and «Botagoz» novels were published.
1950 - the book «Menin mektebim» was published.
1950 - awarded the Order of the Red Banner (for the second time - 1957).
1951-1973 - a free creative activity.
1953 – was published a second book «Omir mektebi.»
1953-58 - were published volumes 1 and 2 of 6-volume collected writings.
1953 - «Botagoz» novel printed in Arabic script. «Zhana Omir» publishing house.
1954 - Member of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR (academician).
1956 - the play «Shokan Ualikhanov» (1956 - Almaty, 1987 - Moscow) was staged.
1957 - film adaptation of «Shokan Ualikhanov» play.
1959 - the book «Alyptyn adamdary» was published.
1959, 1960, 1961 - «Moldir Mahabbat» novel was reissued.
1960 - awarded the Order of Lenin (second time - 1970).
1960 - the book «Osu zholdarymyz» was published.
1960 - trip to Asia.
1961 - The cruise on ship «Mikhail Kalinin» to Canada, Italy, and to the countries of Western Europe.
1962- the writer's name is included in the encyclopedia «Who is Who» USA (Chicago).
1964 - «Eseyu zhyldary» was published – the 3rd book of «Omir mektebi» novel.
1964 - «Zharkyn zhuldyzdar» monograph was published.
1964 - a collection of short stories «Altyn aymak» was published.
1966 - Laureate of the Ualikhanov Prize of Academy of Science of Kazakh SSR.
1967 - awarded the Order of «Kurmets belgisi.»
1967 - Laureate of the State Prize named after Abay.
1967 – the first book of «Akkan zhyldyz» novel was published.
1970 - publication of the second book of «Akkan zhyldyz» novel.
1970 - awarded the title of «Honorary Citizen of Petropavlovsk.»
1972-1980 - 19-volume collected works of the writer were published.
1973, 18 April - writer died in hospital of Council of Ministers of the Kazakh SSR in Almaty.



Жұмыс кабинетінде // В рабочем кабинете // In the office



Қолында кітап // С книгой в руках // Book in hand



*Шебер Қ. Қасымов домбыра сыйлауда
Мастер К. Касымов дарит домбру
Master K. Kasymov is gifting dombra (1960)*

Абай ескерткіші алдында
У памятника Абая
At the monument of Abay



Музейдегі кездесу
Встреча в музее
Meeting at the Museum
(2013)



«Мұқановпен серуеннің» негізгі нысандары
Основные объекты «Прогулки с Мукановым»
The main objects «A walk with Mukanov»

1. Қазақстан Жазушылар одағы // Союз Писателей Казахстана // Writers' Union of Kazakhstan
2. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты // Институт литературы и искусства им. М.Ауэзова // Auezov Institute of Literature and Art
3. ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты // Центральный государственный архив РК // Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
4. ҚР Ұлттық кітапханасы // Национальная библиотека РК// National Library of the Republic of Kazakhstan
5. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті // Казахский Национальный педагогический университет им. Абая // Abay Kazakh National Pedagogical University
6. «Жазушы» баспасы // Издательство «Жазушы»// «Zhazushy» Publishing House
7. «Қазақ энциклопедиясы» баспасы// Издательство «Казахская энциклопедия» // «Kazakh Encyclopedia» Publishing House
8. Қазақстан композиторлар одағы // Союз композиторов Казахстана // Composer's Union of Kazakhstan
9. С.Сейфуллиннің колжуғышы ілінген бәйтерек // Дерево с ракушкой С.Сейфуллина // Poplar with the washbasin of S.Seifullin
10. Ш.Уәлиханов атындағы № 12 гимназиясы //Гимназия №12 им. Ч.Валиханова // School №12 named after Shokan Ualikhanov
11. Орталық мәдениет және демалыс саябағы // Центральный парк культуры и отдыха// Central Park of Culture and Leisure
12. С.Мұқанов ескерткіш-бюсті // Памятник С.Муканова // Sabit Mukanov Monument
13. «Астана» алаңы жанындағы шағын бақтағы орындық // Скамейка в сквере перед площадью «Астана» // Bench in a park near the square «Astana»
14. «Дастархан» мейрамханасы (бұрынғы «Тұшпарахана») // Ресторан «Дастархан» (бывшая «Пельменная») // «Dastarkhan» restaurant (former «Pelmennaya»)

2014 жылдың 25-27 қыркүйегінде «Алматы – Достастық елдерінің мәдени астанасы 2014» бағдарламасының аясында Халықаралық музей форумы өтті. Форумның басты максаттарының бірі – Алматының қазіргі заманғы мәдени кеңістігінде Қазақстан мұрасын жандандыру.

Форум аясындағы гранттар байқауында Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешені ұсынған «Мұқановпен серуен» атты жоба үздік деп танылды. Жоба аясында қаланың әдеби брендин қалыптастыру, оған көпшіліктің туристік қызығушылығын арттыру көзделген.

Осы жобаны жүзеге асыруға ықпал-көмегін тигізген қолдаушыларға, барлық әріптестерге үлкен алғысымызды білдіреміз!

25-27 сентября 2014 года в рамках программы «Алматы – культурная столица Содружества 2014 г.» прошел Международный музейный форум. Одной из главных целей форума была актуализация наследия Казахстана в современном пространстве культуры Алматы.

В конкурсе грантов был отмечен проект Литературно-мемориального музейного комплекса Сабита Муканова и Габита Мусрепова – «Прогулки с Мукановым». В рамках проекта предполагается литературное брендинг города в целях повышения его туристической привлекательности.

Выражаем огромную благодарность всем партнерам, которые поддержали нас в осуществлении проекта!

An International Museum Forum was held on **25-27th of September, 2014** as part of the program named «Almaty – cultural capital of the Commonwealth of Independent States 2014». The forum aimed to raise a current interest of people in historical and cultural heritage of Kazakhstan in Almaty.

The project of Literary-memorial museum complex of Sabit Mukanov and Gabit Musrepov – «A Walk with Mukanov» was awarded one of the grants in the contest. The project anticipates the literary branding of the city in order to increase its tourist appeal.

We express our gratitude to all our partners who have supported us in the fulfillment of the project!

ЖОЛСІЛТЕМЕ ПУТЕВОДИТЕЛЬ GUIDE

**Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің
әдеби-мемориалдық музей кешені**

**Литературно-мемориальный музейный комплекс
Сабита Муканова и Габита Мусрепова**

**The literary-memorial museum complex
of Sabit Mukanov and Gabit Musrepov**

Мекен-жай / адрес: Алматы, М.Төлебаев, 125 үй/дом

Address: 125 Tolebayev Str., Almaty

Тел.// Tel 8(727)2 72-59-12, 272-82-86.

Эл.почта//E-mail: muzey_s.g.m@mail.ru

Жолсілтемені құрастырған әрі жауапты редакторы –
Ә. ҚАЙЫРБЕКОВ, Музей кешенінің директоры

Составитель и ответственный редактор Путеводителя –
А. КАЙЫРБЕКОВ, директор Музейного комплекса

Compiled and executive editor of the Guide –
A. KAYIRBEKOV, Director of the Museum Complex

